

**Курмангалиева Лязат Акбергеновнаның**  
**«8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша**  
**философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған**  
**«Қазақстан Республикасы халқының еңбек табыстары: үрдістерін**  
**бағалау және реттеу басымдықтары» тақырыбындағы**  
**диссертациялық жұмысына**  
**АҢДАТПА**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.**

Нарықтық экономикасы бар елдер үшін, соның ішінде Қазақстан үшін, халықтың еңбек табыстарын қалыптастыру және оларды реттеу мәселелері айрықша өзекті. Қазіргі жағдайда әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға арналған ресурстардың шектеулілігі мен халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі аясында, экономикалық өсуді қамтамасыз ету қажеттілігі мен халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға қойылатын талаптар арасындағы қайшылық күшейіп отыр.

Халық табыстарын тек өмір сүру сапасы мен деңгейін айқындайтын фактор ретінде ғана емес, экономиканың дамуын болжамдық бағалаудың негізіне жататын көрсеткіш ретінде де қарастыруға болады. Бұл жиынтық табыстың бір бөлігі экономиканы дамыту мен қоғамдық әлеуметтік бағдарламаларды шешудің маңызды инвестициялық көзі ретінде көрінетінімен байланысты. Зерттеудің маңыздылығы еңбек табыстарының деңгейі, қалыптасу тетігі, дифференциациясы халықтың әл-ауқатының экономикалық индикаторы әрі қоғам тұрақтылығының өлшемі болуымен, ал оның өзі қазіргі Қазақстанның табысты экономикалық трансформациясының негізі қызметін атқаруымен айқындалады.

Халық табыстары қоғам әл-ауқатын өлшеудің ең қолайлы құралы. Нарықтық экономика халықты әл-ауқатын еңбек белсенділігі, бастама және кәсіпкерлік арқылы арттыруға бағдарлай отырып, барлық азаматтарға тұтынудың ең төменгі деңгейіне мемлекеттік кепілдіктерді талап етеді. Халық табыстарын реттеу проблемасы маңыздылығы мен көпқырлылығы себепті еңбек экономикасы зерттеулерінің объектісі болып табылады. Халық табыстары қос сипатқа ие: бір жағынан, ол халықтың өмір сүру деңгейін қамтамасыз етудің ең маңызды факторы; екінші жағынан – елдің экономикалық даму деңгейін бейнелейді және экономикалық өсуді айқындайды. Сондықтан табыстарды қалыптастыру және реттеу саласында жүретін үдерістер ел халқының мүдделерін қамтып, қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын, жұмыс күшін ұдайы өндіру әлеуетін, адами капиталдың дамуын анықтайды.

Еліміздің қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму кезеңі жан басына шаққандағы ақшалай табыстардың төмен деңгейімен, табыстар бойынша халықтың жоғары дифференциациясымен сипатталады. Жалпы алғанда, нақты табыстың тұрақты өсуінің болмауы, еңбек табыстарының салыстырмалы төмендігі, өзін-өзі жұмыспен қамтудың жоғары үлесі және халықтың сыртқа кетуі болашақта нақты табыстардың өсу мақсаттарына қол жеткізбеу тәуекелдерін күшейтеді. Жаңартылған Халық табысын арттыру

бағдарламасында негізгі мақсат ретінде азаматтардың, соның ішінде ауыл тұрғындарының табыс деңгейін көтеру белгіленген. Бағдарлама қазақстандық азаматқа, оның әл-ауқаты мен өмір сапасын жақсартуға назар аударады. Кешенді жоспарды іске асыру 5 бағыт бойынша іс-шараларды қамтиды, соның 4-і халықтың ақшалай табыстары құрылымында еңбек табыстарының үлесін ұлғайтуға байланысты. Халықтың еңбек табыстарын реттеудің теориялық-әдіснамалық және қолданбалы мәселелерін ғылыми зерттеудің өзектілігі мына факторлармен анықталады: халықтың еңбек табыстарын реттеу практикасын ғылыми-теориялық тұрғыда жеткіліксіз пайымдау; халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге, халық табыстарын орнықты өсіруге, кедейлікті төмендетуге мүмкіндік беретін еңбек табыстарын реттеуді жетілдіру бағыттарын әзірлеу қажеттілігі.

### **Зерттеу тақырыбының ғылыми даму дәрежесі.**

Табыстарды қалыптастыру және бөлу мәселелері әрдайым экономикалық ғылымның назарында болды, алайда әртүрлі мектептер мен бағыттардың ғалымдары бұл сұрақтарды әрқилы позициялардан қарастырды. Меркантилистер (Ж. Б. Кольбер, Т. Мен, А. Монкретьен, Дж. Стюарт және т.б.) халық табыстарын қалыптастыруды тек айналыс саласымен байланыстырды. Физиократтар (Ф. Кенэ, А. Тюрго және т.б.) байлық пен табыстың өсуінің көзін өнім өндіруді арттыруға бағытталған еңбектен көрді. Табыстар теориясын дамытуға саяси экономия классиктері – А. Смит, Д. Рикардо, К. Маркс зор үлес қосты. А. Маршалл мен Д. Кларк еңбектерінде табыстар теориясы шекті экономикалық шамалар тұрғысынан талданады. Бұл ғалымдар, сондай-ақ В. Парето, М. Фридман, Ф. Хайек және басқалар халық табыстарын бөлуде мемлекет араласпауының теориясын дамытты.

Экономикалық теория проблемалары бойынша шетелдік ғалымдардың еңбектерінде (Дж. Гэлбрейт, У. Джевонс, Дж. М. Кейнс, В. Леонтьев, В. Нордхаус, А. С. Пигу, П. Самуэльсон, Р. Хикс) табыстардың мәні, олардың қалыптасуы мен бөлінуінің жекелеген аспектілері қарастырылған. Ресейлік экономикалық әдебиетте халық табыстарын зерттеуге Л. И. Абалкин, Н. А. Волгин, В. М. Жеребин, А. Карапетян, Ю. П. Кокин, П. П. Майер, П. П. Маслов, Л. С. Ржаницына, Н. М. Римашевская, В. Роик, Р. Рыбкина, П. В. Савченко, А. Е. Суринов, А. А. Федченко, Р. А. Яковлев және т.б. еңбектері арналған.

Жалақы және мемлекет, жұмыс беруші, жұмыскерлердің әлеуметтік-экономикалық мүдделеріне қатысты зерттеулерге Л. С. Бабынина, М. Г. Беляева, Н. А. Волгин, Б. А. Замараев, А. Г. Зельднер, Е. И. Капустин, Ю. П. Кокин, В. В. Куликов, Е. А. Митрофанова, О. В. Мраморнова, Л. В. Никифоров, Н. М. Плискевич, И. А. Погосов, Л. С. Ржаницына, Н. М. Римашевская, В. Д. Роик, Л. В. Санкова, М. В. Симонова, Э. Н. Соболев және өзге авторлар үлес қосты.

Жалақыны қалыптастыру және дифференциациялау мәселелері В. Е. Гимпельсон, Л. А. Ильина, И. А. Денисова, Р. И. Капелюшников, А. Л. Лукьянова, Л. Н. Овчарова, К. А. Озерова, А. Ю. Ощепков, А. А. Разумов, П. Л. Спиглазов еңбектерінде зерттелді. Ең төменгі жалақы және оның даму

проблемалары Н. Т. Вишневская, М. А. Иванов, Е. Н. Кобзарь, Н. И. Лыгина, З.А. Капелюк және басқа зерттеушілерде қарастырылған.

Отандық әдебиетте еңбек табыстары және оларды реттеу мәселелері Е.Б. Аймагамбетов, М. Б. Кенжеғұзин, Н. К. Нұрланова, А. С. Смағұлов, Ю. Д. Дербишев, Р.О. Бугубаева, О.Д. Безлер, Г.А. Кенешева және т.б. жұмыстарында зерделенген. Табыстарды қалыптастыру, бөлу және дифференциациялау мәселелерімен қазақстандық ғалымдар С. С. Кемельбаева, К. С. Мұхтарова айналысты.

**Диссертациялық жұмыстың мақсаты** – Қазақстан Республикасы халқының еңбек табыстарының өзгеру үрдістері мен факторларын кешенді бағалау және оларды мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Мақсатқа қол жеткізу үшін келесі өзара байланысты міндеттер қойылып, шешілді:

– халықтың еңбек табыстарының мәнін және теориялық негіздерін зерттеу;

– халықтың еңбек табыстарын бағалаудың әдіснамалық негіздері мен құралдарын жүйелеу;

– халықтың еңбек табыстарын мемлекеттік реттеудің теориялық негіздерін және шетелдік тәжірибесін зерделеу;

– Қазақстан Республикасы халқының еңбек табыстарының даму үрдістерін талдау және бағалау;

– халықтың еңбек табыстары дифференциациясының факторлары мен ерекшеліктерін бағалау;

– Қазақстан Республикасында еңбек табыстарын мемлекеттік реттеу тиімділігін бағалау;

– Қазақстан Республикасында халықтың еңбек табыстарын мемлекеттік реттеуді жетілдіру бағыттарын негіздеу;

– халықтың еңбек табыстарының болжамдық параметрлерін бағалау және оларды модельдеу.

**Диссертациялық зерттеудің объектісі** – Қазақстан Республикасы халқының еңбек табыстары.

**Зерттеудің пәні** – халықтың еңбек табыстарын қалыптастыру және бөлу үдерісінде туындайтын экономикалық қатынастар.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық маңыздылығы.**

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін халықтың еңбек табыстарын қалыптастыру және бөлу мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектері құрайды. Еңбектердің теориялық ережелерін дамытуға халық табыстарын қалыптастыру және реттеу тетіктеріне арналған халықаралық және ұлттық ғылыми–тәжірибелік конференциялар материалдарын зерделеу ықпал етті.

Әдіснама жүйелік, тарихи, пәнаралық және кешенді ғылыми тәсілдер жиынтығымен ұсынылған. Зерттеу барысында жүйелік, абстрактылы–логикалық, монографиялық, статистикалық (салыстыру, орта шамалар, динамика қатарларының көрсеткіштері, индекс, топтау, кестелік, графикалық),

эконометрикалық (регрессиялық теңдеулер бойынша болжамдау, кластерлік талдау) әдістер қолданылды.

**Зерттеудің эмпирикалық базасын** ҚР Ұлттық статистика бюросының ресми деректері, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, ҚР Ұлттық экономика министрлігі деректері, халықаралық ұйымдардың (ХЕҰ, Canberra Group, OECD) мәліметтері, «Әділет» және «Параграф» ақпараттық–құқықтық жүйелері, мерзімді басылымдар материалдары мен интернет–ресурстардың деректері, сондай-ақ авторлық тұжырымдар және дербес алынған зерттеу нәтижелері негізінде қалыптастырылды.

**Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Ғылыми жаңалықты айқындайтын негізгі нәтижелердің қатарына мыналар жатады:

- Қазақстан жағдайында еңбек өнімділігіндегі салааралық алшақтықтарды және инфляциялық өзгерістерді ескеруге негізделген, ең төменгі жалақы мөлшерін индекстеу диапазоны шегінде кезең–кезеңімен жаңартуға мүмкіндік беретін интеграцияланған модель әзірленді, ол еңбек табыстарын мемлекеттік реттеудің икемділігі мен негізділігін күшейтуге бағытталған;

- жалдамалы жұмыскерлердің, өзін–өзі жұмыспен қамтыған халықтың және жеке кәсіпкерлердің табыс құрылымындағы еңбек компонентін бірдей ескеруге мүмкіндік беретін барлық жұмыспен қамтылғандардың медианалық еңбек табысын статистикалық және реттеушілік бағдар ретінде пайдалану ғылыми негізделді, бұл еңбек табыстарын бағалаудың қамту аясын кеңейтуге мүмкіндік береді;

- ең төменгі жалақы бойынша қабылданатын реттеушілік шешімдердің ықтимал әлеуметтік–экономикалық салдарын жедел бағалауға арналған әлеуметтік экспресс–бағалау әдісі әзірленді, ол баламалы реттеу нұсқаларын салыстыруға және әлеуметтік–экономикалық тәуекелдерді алдын ала анықтауға мүмкіндік береді;

- 2026–2031 жылдарға арналған халықтың еңбек табыстарының болжамдық параметрлері сценарийлік болжау негізінде бағаланды, бұл әртүрлі макроэкономикалық жағдайларда еңбек табыстары серпінінің ықтимал өзгерістерін салыстырмалы түрде бағалауға мүмкіндік береді.

#### **Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Еңбек өнімділігіндегі салааралық алшақтықтарды және инфляциялық өзгерістерді ескере отырып, ең төменгі жалақы мөлшерін индекстеу диапазоны шегінде жыл сайын жаңартуға мүмкіндік беретін интеграцияланған модель ұсынылды.

2. Жалдамалы жұмыскерлердің, өзін–өзі жұмыспен қамтыған халықтың және жеке кәсіпкерлердің табыс құрылымындағы еңбек компонентін бірдей ескеруге мүмкіндік беретін барлық жұмыспен қамтылғандардың медианалық еңбек табысын статистикалық және реттеушілік бағдар ретінде пайдалану ұсынылды.

3. Ең төменгі жалақы бойынша қабылданатын реттеушілік шешімдердің ықтимал әлеуметтік–экономикалық салдарын жедел бағалауға арналған әлеуметтік экспресс–бағалау әдісі ұсынылды.

4. 2026–2031 жылдарға арналған халықтың еңбек табыстарының

болжамдық параметрлері сценарийлік болжау негізінде бағаланды.

**Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы** зерттеу нәтижелерін халықтың еңбек табыстарын мемлекеттік реттеу жүйесінде және әлеуметтік–экономикалық саясаттың қолданбалы практикасында пайдаланудың мүмкіндігімен айқындалады. Ұсынылған интеграцияланған модель еңбек өнімділігіндегі салааралық алшақтықтарды және инфляциялық өзгерістерді ескере отырып, ең төменгі жалақы мөлшерін индекстеу диапазоны шегінде жыл сайын жаңартудың неғұрлым негізделген тәсілін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл модельді қолдану ең төменгі жалақы мөлшерін айқындау кезінде әлеуметтік және экономикалық факторлардың үйлесімділігін күшейтуге, сондай–ақ реттеушілік шешімдердің ықтимал салдарын алдын ала бағалауға мүмкіндік береді. Барлық жұмыспен қамтылғандардың медианалық еңбек табысын статистикалық және реттеушілік бағдар ретінде пайдалану жалдамалы жұмыскерлердің, өзін–өзі жұмыспен қамтыған халықтың және жеке кәсіпкерлердің еңбекке негізделген табыстарын неғұрлым толық ескеруге мүмкіндік береді. Бұл көрсеткішті талдау және болжау практикасында пайдалану еңбек табыстары саласындағы мемлекеттік шешімдердің дәлелділігін күшейтуге және халықтың әл–ауқатына әсер ететін үрдістерді неғұрлым дәл бағалауға жағдай жасайды. 2026–2031 жылдарға арналған халықтың еңбек табыстарының болжамдық параметрлерін сценарийлік болжау нәтижелері орта мерзімді перспективада еңбек табыстары серпінінің ықтимал өзгерістерін бағалауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер әлеуметтік–экономикалық даму бағыттарын негіздеу, еңбек табыстары саясатының ықтимал салдарын бағалау және болжамдық есептеулер жүргізу барысында қолданылуы мүмкін. Ұсынылған әлеуметтік экспресс–бағалау әдісі ең төменгі жалақы бойынша қабылданатын реттеушілік шешімдердің ықтимал әлеуметтік–экономикалық салдарын жедел бағалауға мүмкіндік береді. Әдісті қолдану реттеушілік шешімдердің ықтимал әсерін салыстырмалы түрде бағалауға, баламалы нұсқаларды салыстыруға және әлеуметтік–экономикалық тәуекелі жоғары сценарийлерді алдын ала айқындауға мүмкіндік береді.

#### **Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу.**

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 8 ғылыми еңбекте жарияланған, оның ішінде Scopus базасына енген ғылыми журналда 1 мақала, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми–тәжірибелік конференциялар материалдарында 4 мақала. Диссертациялық зерттеу нәтижелері Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында қарастырылып, енгізу актісімен расталды.

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі.** Жұмыс нормативтік сілтемелерден, белгілер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

**Диссертацияның бірінші тарауында** халықтың еңбек табыстарының экономикалық мәнін, олардың қалыптасу ерекшеліктерін, бағалау тәсілдерін және мемлекеттік реттеудің теориялық негіздерін кешенді зерттеуге арналған.

Тарау шеңберінде халықтың еңбек табыстары ұғымының эволюциясы, олардың әлеуметтік–экономикалық мазмұны, ғылыми әдебиеттердегі түсіндіру тәсілдері, халықаралық және отандық әдіснамалық ұстанымдар, сондай-ақ еңбек табыстарын мемлекеттік реттеудің теориялық негіздері мен шетелдік тәжірибесі жүйелі түрде қарастырылды.

Бірінші тараудың алғашқы бөлімінде халықтың еңбек табыстарының мәні мен теориялық негіздері терең талданды. Еңбек табыстары экономикалық категория ретінде тарихи даму тұрғысынан қарастырылып, олардың қалыптасуына қатысты әртүрлі ғылыми мектептердің көзқарастары жүйеленді. Атап айтқанда, классикалық саяси экономия, маркстік теория, неоклассикалық бағыт, кейнсиандық тәсіл, институционалдық теория және адами капитал тұжырымдамасы аясында еңбек табыстарының мазмұнына берілген түсіндірмелер салыстырмалы түрде бағаланды. Зерттеу нәтижесінде еңбек табыстарының мазмұны уақыт өте келе елеулі трансформацияға ұшырағаны анықталды: егер классикалық теорияларда ол негізінен жалдамалы жұмыскердің еңбекақысымен байланыстырылса, қазіргі ғылыми әдебиетте еңбек табыстары жұмыспен қамтудың әртүрлі нысандары аясында қалыптасатын ақшалай және заттай кірістердің кең ауқымын қамтитын көпқырлы әлеуметтік–экономикалық категория ретінде қарастырылады.

Тарауда еңбек табыстарының экономикалық табиғатын түсіндірудегі теориялық тәсілдердің эволюциясына ерекше назар аударылды. Классикалық мектеп өкілдерінің еңбектерінде еңбек табыстары қоғамдық өндірістегі еңбек үлесінің нәтижесі ретінде сипатталса, маркстік теорияда олар еңбек күші құнының ақшалай көрінісі ретінде қарастырылды. Неоклассикалық бағытта еңбек табыстары еңбек өнімділігімен және еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың арақатынасымен байланыстырылды. Сонымен қатар, институционалдық теориялар еңбек табыстарының қалыптасуына құқықтық нормалардың, әлеуметтік серіктестік институттарының, еңбек заңнамасының және мемлекеттік саясаттың ықпалын негіздеді. Бұл ғылыми көзқарастарды жүйелеу еңбек табыстарының тек экономикалық емес, әлеуметтік және институционалдық мазмұнға ие күрделі категория екенін дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Қазіргі еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістер жағдайында еңбек табыстары ұғымын кеңейтілген тұрғыдан қарастыру қажеттілігі негізделді. Цифрландыру, платформалық жұмыспен қамту, фриланс, өзін-өзі жұмыспен қамтудың таралуы және еңбек қатынастарының икемденуі еңбек табыстарының дәстүрлі түсіндірмесін қайта қарастыру қажеттігін күшейтетіні көрсетілді. Осыған байланысты еңбек табыстары тек жалдамалы жұмыскердің еңбекақысымен шектелмей, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың кірістерін, жеке кәсіпкерлердің еңбекке негізделген табыстарын, шарттық және уақытша жұмыспен қамту нәтижесінде алынатын кірістерді де қамтуы тиіс екендігі ғылыми тұрғыдан негізделді. Соның нәтижесінде диссертациялық зерттеу аясында халықтың еңбек табыстарына анықтама ұсынылып, олардың құрылымы кеңейтілген мазмұнда жүйеленді.

Тараудың келесі бөлімінде халықтың еңбек табыстарын бағалаудың әдіснамалық негіздері мен құралдары қарастырылды. Бұл бөлімде еңбек табыстарын бағалау мәселесінің күрделілігі олардың көпқұрылымды табиғатымен, жұмыспен қамтудың әртүрлі нысандарымен және статистикалық есепке алу ерекшеліктерімен байланысты екендігі көрсетілді. Халықаралық ұйымдардың, соның ішінде Халықаралық еңбек ұйымының (ILO), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (OECD), Canberra Group ұсынымдары негізінде еңбек табыстарын бағалаудың заманауи тәсілдері зерделенді. Еңбек табыстарын талдау кезінде номиналды және нақты жалақы, медианалық және орташа табыс, еңбек өнімділігі, еңбек табыстарының құрылымы, табыстар теңсіздігі көрсеткіштері, сондай-ақ дифференциацияны бағалау құралдары пайдаланылатыны нақтыланды. Онда еңбек табыстарын бағалауда қолданылатын статистикалық, салыстырмалы, экономикалық–математикалық және эконометрикалық әдістердің мазмұны ашылды. Еңбек табыстарының серпінін талдау, құрылымдық өзгерістерді анықтау, факторлық тәуелділіктерді бағалау және болжау мақсатында динамикалық қатарлар, индекстер, топтау, салыстыру, регрессиялық талдау және кластерлік тәсілдердің мүмкіндіктері негізделді. Сонымен қатар, еңбек табыстарын бағалау барысында қолданылатын негізгі көрсеткіштердің мазмұны мен шектеулері талданып, халықтың нақты әл-ауқатын бағалауда медианалық көрсеткіштердің артықшылықтары көрсетілді. Бұл еңбек табыстарын зерттеудің әдіснамалық базасын қалыптастырып, келесі тараудағы эмпирикалық талдаудың ғылыми негізін қамтамасыз етті.

Бірінші тараудың үшінші бөлімінде халықтың еңбек табыстарын мемлекеттік реттеудің теориялық негіздері мен шетелдік тәжірибесі қарастырылды. Мемлекеттің еңбек табыстарын реттеудегі рөлі еңбек заңнамасы, ең төменгі жалақыны белгілеу, салықтық және әлеуметтік саясат, әлеуметтік сақтандыру жүйесі, ұжымдық шарттар мен әлеуметтік әріптестік құралдары арқылы бағаланды. Еңбек табыстарын мемлекеттік реттеу әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, кедейлікті төмендету, табыстар теңсіздігін азайту және еңбекке ынталандыру функцияларын қолдау тетігі ретінде қарастырылды.

Шетелдік тәжірибені талдау барысында дамыған және дамушы елдердегі еңбек табыстарын реттеу үлгілері салыстырмалы түрде зерттелді. Еуропалық мемлекеттерде еңбек табыстарын реттеудің әлеуметтік бағдарланған үлгілері, ең төменгі жалақыны индекстеу тәжірибесі, ұжымдық келісімдердің маңызы және әлеуметтік қорғау жүйелерінің ықпалы қарастырылды. Сонымен қатар, OECD елдеріндегі еңбек өнімділігі мен еңбекақы арасындағы байланыс, жұмыспен қамту құрылымы және мемлекеттік қолдау құралдарының ерекшеліктері зерттелді. Шетелдік тәжірибені талдау нәтижесінде Қазақстан жағдайында халықаралық тәсілдерді тікелей көшірудің шектеулілігі көрсетіліп, оларды ұлттық еңбек нарығының ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеу қажеттілігі негізделді.

**Диссертацияның екінші тарауы** Қазақстан Республикасы халқының еңбек табыстарының қазіргі жағдайын кешенді талдауға, олардың даму

үрдістерін бағалауға, дифференциация факторларын анықтауға және еңбек табыстарын мемлекеттік реттеу тиімділігін зерттеуге арналған. Тарау шеңберінде ресми статистикалық деректер негізінде еңбек табыстарының серпіні, құрылымы, өңірлік және салалық ерекшеліктері, халықтың әртүрлі әлеуметтік–экономикалық топтары арасындағы айырмашылықтар, сондай-ақ мемлекеттік реттеу құралдарының нәтижелілігі бағаланды. Осы арқылы халықтың еңбек табыстарының дамуындағы негізгі үрдістер мен проблемалық аспектілер анықталып, кейінгі тарауда ұсынылатын реттеу тетіктерін әзірлеудің эмпирикалық негізі қалыптастырылды.

Тараудың алғашқы бөлімінде Қазақстан Республикасы халқының еңбек табыстарының даму үрдістері жан-жақты талданды. Бұл бөлімде халықтың ақшалай табыстары құрылымындағы еңбек табыстарының орны, олардың динамикасы, номиналды және нақты көрсеткіштерінің өзгерісі, еңбек нарығының даму ерекшеліктері, жұмыспен қамту құрылымы мен жалақы серпіні зерттелді. Талдау нәтижелері еңбек табыстарының халық табыстары құрылымындағы басым рөлін көрсетіп, олардың халықтың әл-ауқаты мен әлеуметтік тұрақтылығын айқындайтын негізгі факторлардың бірі екенін дәлелдеді. Сонымен қатар, еңбек табыстарының серпіні экономикалық өсім, инфляциялық үдерістер, еңбек өнімділігі және жұмыспен қамту құрылымындағы өзгерістермен өзара байланыста қарастырылды.

Екінші тарауда Қазақстандағы еңбек табыстарының өзгеру үрдістерін бағалау барысында халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табыстары, орташа және медианалық жалақы көрсеткіштері, нақты табыстар индексі, еңбек өнімділігі және ең төменгі жалақы деңгейінің өзгерісі талданды. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде соңғы жылдары еңбек табыстарының номиналды өсімі байқалғанымен, инфляциялық қысым жағдайында нақты табыстардың өсу қарқыны біркелкі болмағаны анықталды. Бұл халықтың сатып алу қабілеті мен өмір сүру деңгейіне ықпал ететін негізгі тәуекелдердің сақталатынын көрсетті. Сонымен қатар, еңбек табыстары құрылымындағы жалдамалы еңбек үлесінің жоғары болуы, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық табыстарының тұрақсыздығы және еңбек нарығының құрылымдық ерекшеліктері халықтың табыстық саралануына әсер ететіні негізделді.

Тарауда еңбек табыстарының өңірлік және салалық ерекшеліктеріне ерекше назар аударылды. Қазақстан өңірлері арасында еңбекақы деңгейі мен еңбек табыстары көлеміндегі елеулі айырмашылықтар анықталды. Мұндай айырмашылықтардың қалыптасуы өңірлердің экономикалық мамандануы, өндірістік құрылымы, еңбек өнімділігі деңгейі, инвестициялық белсенділік және жұмыспен қамту сапасымен байланыстырылды. Сонымен қатар, салалар бойынша еңбек табыстарының дифференциациясы мұнай-газ, қаржы және өнеркәсіп секторларындағы жоғары жалақы деңгейімен, ал білім беру, ауыл шаруашылығы және әлеуметтік қызметтер салаларындағы салыстырмалы төмен табыс деңгейімен түсіндірілді. Бұл жағдай еңбек табыстарының теңсіздігін қалыптастыратын құрылымдық факторлардың сақталатынын көрсетті.

Тараудың келесі бөлімінде халықтың еңбек табыстары дифференциациясының факторлары мен ерекшеліктері бағаланды. Бұл бөлімде еңбек табыстарының саралануына әсер ететін демографиялық, экономикалық, институционалдық және адами капитал факторлары кешенді түрде талданды. Атап айтқанда, білім деңгейі, кәсіби даярлық, еңбек өтілі, жұмыспен қамту нысаны, өңірлік орналасу, экономикалық қызмет түрі және гендерлік ерекшеліктердің еңбек табыстары деңгейіне ықпалы қарастырылды. Талдау нәтижелері еңбек табыстарының айырмашылықтары тек еңбек өнімділігімен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығының сегментациясымен, экономиканың құрылымдық ерекшеліктерімен және институционалдық шектеулермен де байланысты екенін көрсетті.

Зерттеу барысында халықтың еңбек табыстарының дифференциациясы табыс теңсіздігі, жұмыспен қамтудың сапасы және әлеуметтік мобильділік мәселелерімен өзара байланыста бағаланды. Әсіресе, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың еңбек табыстары құрылымының тұрақсыздығы, бейресми жұмыспен қамтудың сақталуы және еңбек өнімділігі деңгейіндегі айырмашылықтар халықтың жекелеген топтары арасында табыстық алшақтықтың қалыптасуына ықпал ететіні негізделді. Сонымен қатар, медианалық еңбек табысы көрсеткішін пайдалану халықтың нақты табыс жағдайын бағалауда орташа көрсеткіштерге қарағанда анағұрлым объективті нәтижелер беретіндігі көрсетілді. Бұл еңбек табыстарын бағалаудың жаңа әдіснамалық тәсілдерін қолдану қажеттігін негіздеді.

Екінші тараудың үшінші бөлімінде Қазақстан Республикасында еңбек табыстарын мемлекеттік реттеу тиімділігі бағаланды. Бұл бөлімде ең төменгі жалақыны белгілеу тетіктері, еңбекке ақы төлеу жүйесіндегі мемлекеттік ықпал, салықтық және әлеуметтік саясаттың еңбек табыстарына әсері, жұмыспен қамту бағдарламалары мен әлеуметтік қолдау құралдарының нәтижелілігі қарастырылды. Мемлекеттік реттеу еңбек табыстарының жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету, табыс теңсіздігін төмендету және халықтың әлеуметтік қорғалуын күшейту құралы ретінде бағаланды.

Жүргізілген талдау нәтижесінде Қазақстандағы еңбек табыстарын реттеу жүйесінде бірқатар оң өзгерістер байқалғанымен, оның тиімділігіне әсер ететін проблемалардың сақталатыны анықталды. Атап айтқанда, ең төменгі жалақы мөлшерінің еңбек өнімділігімен және нақты өмір сүру құнымен жеткілікті дәрежеде үйлеспеуі, салалық және өңірлік теңсіздіктің сақталуы, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың еңбек табыстарын толық қамтудың қиындығы және инфляциялық қысым жағдайында нақты табыстардың жеткіліксіз қорғалуы негізгі шектеулер ретінде бағаланды. Сонымен қатар, мемлекеттік реттеу құралдарының нәтижелілігін арттыру үшін халықаралық тәжірибені ескере отырып, икемді әрі дәлелді тәсілдерді қолдану қажеттілігі негізделді.

**Диссертацияның үшінші тарауы** Қазақстан Республикасы халқының еңбек табыстарын мемлекеттік реттеуді жетілдіру бағыттарын негіздеуге, қолданыстағы реттеу тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге және халықтың еңбек табыстарының болжамдық параметрлерін бағалауға арналған. Тарау шеңберінде жүргізілген теориялық және эмпирикалық зерттеулер

нәтижелері жинақталып, еңбек табыстары саласындағы анықталған құрылымдық мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми негізделген тәсілдер ұсынылды. Сонымен қатар, еңбек табыстарын мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін модельдік шешімдер әзірленіп, еңбек табыстарының орта мерзімді кезеңдегі даму перспективалары бағаланды.

Тараудың алғашқы бөлімінде Қазақстан Республикасында халықтың еңбек табыстарын мемлекеттік реттеуді жетілдіру бағыттары қарастырылды. Екінші тарауда жүргізілген талдау нәтижелері еңбек табыстарының өсуіне қарамастан, олардың құрылымдық теңсіздігі, өңірлік және салалық саралануы, нақты табыстардың инфляциялық қысымға тәуелділігі, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық табыстарын толық бағалаудың қиындығы сияқты мәселелердің сақталатынын көрсетті. Осыған байланысты үшінші тарауда еңбек табыстарын реттеу тетіктерін қазіргі еңбек нарығының трансформациясы жағдайына бейімдеу қажеттілігі негізделді.

Зерттеу барысында халықтың еңбек табыстарын реттеудің негізгі бағыттары ретінде ең төменгі жалақыны айқындау тетігін жетілдіру, еңбек өнімділігі мен еңбекақы арасындағы теңгерімді күшейту, еңбек табыстарын бағалаудың статистикалық базасын кеңейту және еңбек нарығындағы теңсіздікті төмендетуге бағытталған институционалдық құралдарды жетілдіру мәселелері қарастырылды. Мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігі тек жалақы мөлшерін әкімшілік белгілеумен ғана шектелмеуі тиіс екендігі, оның еңбек өнімділігі, инфляциялық өзгерістер, жұмыспен қамту құрылымы және халықтың өмір сүру деңгейімен өзара байланыста жүзеге асырылуы қажеттігі негізделді.

Тарауда еңбек табыстарын мемлекеттік реттеуді жетілдірудің маңызды құралы ретінде ең төменгі жалақы мөлшерін белгілеудің жетілдірілген тәсілі ұсынылды. Зерттеу нәтижесінде Қазақстан жағдайында ең төменгі жалақыны қалыптастыру барысында еңбек өнімділігіндегі салааралық айырмашылықтар, инфляциялық үдерістер және халықтың нақты табыстарының өзгерісі жеткілікті деңгейде ескерілмейтіні анықталды. Осыған байланысты диссертациялық жұмыста еңбек өнімділігіндегі салааралық алшақтықтарды және инфляциялық өзгерістерді ескере отырып, ең төменгі жалақы мөлшерін кезең-кезеңімен индексстеу мүмкіндігін қарастыратын интеграцияланған модель әзірленді. Ұсынылған модель еңбек табыстарын мемлекеттік реттеудің икемділігі мен дәлелділігін арттыруға, реттеушілік шешімдердің әлеуметтік-экономикалық негізділігін күшейтуге бағытталған.

Үшінші тарауда еңбек табыстарын бағалаудың әдіснамалық тәсілдерін жетілдіру мәселесіне ерекше назар аударылды. Зерттеу барысында халықтың нақты еңбек табыстары жағдайын бағалауда тек орташа жалақы көрсеткіштерін пайдалану шектеулі сипатқа ие екендігі көрсетілді. Осыған байланысты жалдамалы жұмыскерлердің, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың және жеке кәсіпкерлердің табыс құрылымындағы еңбек компонентін бірдей ескеруге мүмкіндік беретін барлық жұмыспен қамтылғандардың медианалық еңбек табысын статистикалық және реттеушілік бағдар ретінде пайдалану ғылыми тұрғыдан негізделді. Бұл тәсіл халықтың еңбек табыстарының нақты жағдайын

дәлірек бағалауға, табыс теңсіздігін анықтауға және мемлекеттік шешімдердің тиімділігін күшейтуге мүмкіндік беретіні дәлелденді.

Сонымен қатар, тарауда еңбек табыстарын мемлекеттік реттеу тиімділігін арттыру мақсатында реттеушілік шешімдердің ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдарын алдын ала бағалау қажеттілігі негізделді. Осыған байланысты ең төменгі жалақы бойынша қабылданатын шешімдердің ықтимал әсерін жедел бағалауға мүмкіндік беретін әлеуметтік экспресс-бағалау әдісі ұсынылды. Аталған әдіс еңбек табыстары саласындағы реттеушілік баламаларды салыстыруға, олардың әлеуметтік және экономикалық тәуекелдерін алдын ала анықтауға, сондай-ақ мемлекеттік шешімдердің ықтимал нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл реттеу құралдарының нәтижелілігін арттырумен қатар, халықтың әл-ауқатына әсер ететін факторларды кешенді түрде ескеруге жағдай жасайды.

Тараудың екінші бөлімінде халықтың еңбек табыстарының болжамдық параметрлері бағаланып, оларды модельдеу мәселелері қарастырылды. Зерттеу барысында халықтың еңбек табыстарының орта мерзімді кезеңдегі ықтимал өзгерістері экономикалық даму үрдістері, инфляциялық факторлар, еңбек өнімділігі және мемлекеттік реттеу ерекшеліктері ескеріле отырып бағаланды. 2026–2031 жылдарға арналған болжамдық есептеулер сценарийлік тәсіл негізінде жүзеге асырылып, әртүрлі макроэкономикалық жағдайлардағы еңбек табыстары динамикасының ықтимал өзгерістері салыстырмалы түрде талданды. Бұл тәсіл еңбек табыстарының өсу әлеуетін ғана емес, сонымен қатар олардың тұрақтылығына әсер ететін тәуекелдерді бағалауға мүмкіндік берді.

Болжамдық модельдеу нәтижелері еңбек табыстарының болашақ динамикасы экономикалық өсімнің қарқынына, еңбек өнімділігінің өзгерісіне, инфляция деңгейіне және мемлекеттік реттеу сапасына тәуелді болатынын көрсетті.

Диссертациялық зерттеудің қорытынды нәтижесі ретінде еңбек өнімділігіндегі салааралық айырмашылықтар мен инфляциялық өзгерістерді ескеруге мүмкіндік беретін ең төменгі жалақыны реттеудің интеграцияланған моделі әзірленді, барлық жұмыспен қамтылғандардың медианалық еңбек табысын статистикалық және реттеушілік бағдар ретінде пайдалану ғылыми тұрғыдан негізделді, реттеушілік шешімдердің ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдарын жедел бағалауға арналған әлеуметтік экспресс-бағалау әдісі ұсынылды және 2026–2031 жылдарға арналған халықтың еңбек табыстарының болжамдық параметрлері бағаланды. Нәтижесінде еңбек табыстарын мемлекеттік реттеудің ғылыми негізділігін күшейтуге, табыс теңсіздігін төмендетуге, халықтың әл-ауқатын арттыруға және еңбек нарығының қазіргі трансформациялық жағдайларына бейімделген тиімді реттеу тетіктерін қалыптастыруға бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар жүйесі әзірленді.

Диссертант



Курмангалиева Л.А.